

Пржевал ауылдық округінің аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Нұра ауданы Пржевальское ауылының әкімінің 2016 жылғы 11 мамырдағы № 1 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 20 мамырда № 3801 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Нұра ауданы Пржевальское ауылының әкімінің 2017 жылғы 27 қыркүйектегі № 2 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Нұра ауданы Пржевальское ауылының әкімінің 27.09.2017 № 2 (оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына сәйкес, Пржевальское ауылы әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Ірі қара малдың арасынан бруцеллез анықталғанына байланысты, Пржевал ауылдық округінің аумағында шектеу іс-шаралары белгіленсін.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзімі қалдырамын.
3. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ауыл әкімі

Б. Билялов